

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық табиғат парктарынан үақытша ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 желтоқсан N 1486. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін қолданыста болады.

**Ескерту. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін қолданыста болады.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: 1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық табиғат парктарі туралы қоса беріліп отырған Үақытша ереже бекітілсін. 2. "Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық табиғат парктарі туралы Үақытша ереже іс-әрекет етеді деп белгіленсін. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 1486 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН Қазақстан Республикасы мемлекеттік ұлттық табиғат парктарынан үақытша ережесі 1. Негізгі ережелер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық табиғат парктарі (бұдан әрі - ұлттық парктер деп аталады) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жүйесіне енетін және өзінің шекарасына ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи, эстетикалық және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғат кешендері мен объектілерін қамтитын табиғат қорғау мекемелері болып табылады.

2. Ұлттық парктер өздеріне бекітілген ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын табиғат қорғау, ғылыми, ағартушылық, мәдени және рекреациялық мақсатта өздеріне берілген мемлекеттік мүлікті жедел басқару құқығы негізінде пайдалануға арналған.

3. Ұлттық парктер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулыларын, Президенттің, Үкіметтің актілерін, қарамағында ұлттық парктері бар Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Үақытша ережені басшылыққа алады.

2. Ұлттық парктердің негізгі міндеттері

#### 4. Ұлттық парктерге мынадай негізгі міндеттер:

экологиялық жүйені, эталондық және бірегей табиғат кешендерін, тарих, мәдениет ескерткіштерін және ұлттық мұраның басқа да объектілерінің тұтастырын сақтау; реттелген туризм мен табиғат жағдайларында демалыс үшін жағдайлар жасау; рекреациялық пайдалану жағдайында табиғат кешендерін сақтаудың ғылыми әдістерін жасау және енгізу; бұзылған табиғат және тарихи-мәдениет кешендері мен объектілерді қалпына келтіру; халықты экологиялық жағынан ағартуды ұйымдастыру; экологиялық мониторингті жүргізу жүктелген.

#### 3. Ұлттық парктерді құру тәртібі

5. Ұлттық парктерді барлық мұдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен, ғылыми ұйымдармен және жергілікті атқарушы өкімет органдармен белгіленген тәртіпте келісілген, техникалық-экономикалық негізделген материалдар негізінде, ұлттық парктерді құруға арнайы уәкілетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады.

Осындай тәртіпте қызмет атқарып отырған ұлттық парктердің аумақтарын  
кеңе́йтү жүргізіледі.

6. Меншік иелері мен жер пайдаланушылардан бөліп алмай-ақ ұлттық парктерге қосылатын жерлердің шекарасы мен режимін арнаулы уәкілетті органдардың ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы-органдар белгілейді.

7. Ұлттық парктер аумақтарын оларға жапсарлас орналасқан жерлер мен су кеңістіктері учаскелерінің сыртқы қолайсыз әсерінен қорғау мақсатында күзет (аралық) аймақтары құрылады.

Жер пайдаланушылардан жер учаскелерін бөліп алмай-ақ күзет аймақтарын құру туралы, олардың аумақтарында ұлттық парктердің табиғат кешендерін сақтауға теріс әсер ететін шаруашылық және өзге қызметке тыйым салу туралы шешімдерді және олар туралы ережелерді бекітуді жергілікті атқарушы өкімет қабылдайды.

8. Ұлттық парктің әр аумағын аймақтарға бөлудің нақты ерекшелігі мен режимі қарамағында ұлттық паркі бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органы бекітетін жарғымен анықталады.

9. Ұлттық парктердің жарғыларында олардың толық атауы, орналасқан жері, басшысының өкілеттілігі, басқару және бақылау органдары, қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыры, жұмыс режимі, мүлікті құрау тәртібі және кірістерді бөлу тәртібі, қызметті қайта құру мен тоқтатуы көрсетіледі. Жарғыларда сондай-ақ ұлттық парктер мен олардың мекемелері арасындағы, парктер әкімшіліктері және олардың еңбек ұжымдары арасындағы өзара қарым-қатынастар айқындалады. Жарғыларда зандарға қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

10. Ұлттық парктер заңды тұлғалар ретінде әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады және олар мемлекеттік тіркеу сәтінен кейін құрылған болып саналады.

11. Ұлттық парктер құрамында филиалдар (аймақтық бөлімшелер) және өкілеттіктер құрылуды мүмкін.

Ұлттық парктердің филиалдары (аймақтық бөлімшелері) олар тұрған жерлерден тыс орналасқан және олардың функцияларының бәрін немесе бір бөлігінің, оның ішінде өкілеттілік функциясын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшелер болып табылады.

Ұлттық парктердің өкілеттіліктері парктер орналасқан жерлерден тыс орналасқан және ұлттық парктер мұдделерін қорғау мен өкілеттілігін жүзеге асыруши және олардың тарапынан мәміле және өзге де құқықтық іс-әрекет жүргізуши оқшауланған бөлімшелер болып табылады.

12. Филиалдар мен өкілеттіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Олар құрылған ұлттық парктердің мүлкіне ортақтастырылған және ұлттық парктер бекіткен ережелердің негізінде әрекет етеді.

#### 4. Ұлттық парктердің басқару

13. Ұлттық парктердің басқаруды қарамақтарында осы парктер бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады.

14. Ұлттық парктерді өз қарамағында ұлттық парктер бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары тағайындастырылған директорлар басқарады.

Филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын ұлттық парктердің уәкілетті органдары тағайындауды және директорлар олардың сенімхаттары негізінде іс-әрекет етеді.

Ұлттық парктердің құрылтайшылары, директорлары, олардың филиалдарын (аймақтық бөлімшелердің) және өкілдіктердің басшылары арасындағы еңбек қатынастары келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

15. Ұлттық парктердің директорлары ұлттық парктер қызметі үшін құрылтайшылар алдында дербес жауапты болады:

олар өздерінің құзырына және осы Уақытша ережеге сәйкес бірыңғай басшылық принциптеріне іс-әрекет жасайды;

құрылтайшылардың бекітуіне ұлттық парктер директорлары орынбасарларының, ұлттық парктер аймақтық бөлімшелер (филиалдары) және өкілдіктері басшыларының кандидатураларын ұсынады.

Ұлттық парктер директорлары орынбасарларының, филиалдар (аймақтық бөлімшелер), өкілдіктер басшыларының және басқа да басшы қызметкерлердің

қызметтік міндеттерін лауазымды нұсқауларға сәйкес ұлттық парктердің  
директорлары белгіледі.

5. Ұлттық парктер аумағының режимі және функционалдық  
аймақтарға бөлу

16. Ұлттық парктер аумағында жергілікті табиғат, тарихи-мәдени және  
әлеуметтік ерекшеліктерді ескере отырып, пайдаланудың, күзету мен қорғаудың  
сарапанған режимі белгіленеді, оларға сәйкес:

Қорықтық режим шегінде ғылыми-техникалық кеңестің ұсыныстары және  
қарамағында ұлттық парктер бар мемлекеттік басқару органдарының рұқсаты  
негізінде, қолданылып жүрген зандар шегінде аймақтарда қорықтық аймақты  
жүргізуге рұқсат ететін шаралардан басқа кез келген шаруашылық және  
рекреациялық пайдалануға тыйым салынған қорықтық режим функционалдық  
аймақтарға бөлінуі мүмкін. Қорықтық режим аймақтары аумағында мынадай  
шараларды жүргізу:

а) антропогендік әсердің салдарынан өзгерген табиғат-кешендері мен  
олардың құралдарын сақтау, қалпына келтіру және алдын алуға;

б) ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға;

в) өртке қарсы және санитарлық шараларды;

г) ұлттық парк қызметкерлерінің бастауымен, ұлттық парктер үшін арнайы  
белгіленген маршрут ережелер бойынша, экскурсиялық топтармен  
ғылыми-танысу мақсатында парк аумағына баруға;

табиғат объектілерін сақтау жағдайын қамтамасыз ететін, оның шегінде қатаң  
реттелетін рекреациялық пайдалануға рұқсат етілетін заказдық режимге;

экологиялық атқарушылықты ұйымдастыру және көрікті жерлер мен  
танысуға арналған танымдық түрғыдағы туризмге;

спортық және әуесқойлық аң аулау мен балық аулауға арналған, аумақты  
коса, рекреациялық пайдалануға;

қолданып жүрген зандарға сәйкес тарих-мәдениет мұрағаттарын қорғау үшін  
жағдайды қамтамасыз ететін тарих-мәдениет объектілерінің күзетіне;

жұмыстардың экологиялық зиянсыз әдістері негізінде ауыл шаруашылығын  
жүргізу;

қонақ үйлерге, шатырлы лагерьлерге және туристік сервистің, мәдени,  
тұрмыстық және ақпараттық қызметтің өзге де объектілерін орналастыру үшін  
келушілерге қызмет көрсетуге;

ұлттық парктің жұмыс істеуін, сондай-ақ парк аумағында тұратын халықтың  
негізгі мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін қажетті шегінде  
шаруашылық-өндірістік жұмыс жүргізілетін шаруашылық мақсатқа рұқсат

е т і л е д і .

Ұлттық парктерде қоршаған табиғи органдардың бүлдірмейтін және биологиялық, су және жер ресурстарын сарықпайтын дәстүрлі табиғат пайдалану аймақтарын бөлуге рұқсат етіледі.

17. Ұлттық парктерге келіп-кетудің тәртібі мен ережесін өз қарамағында ұлттық парктер бар мемлекеттік басқару органдарының келісімі бойынша аумақта рекреациялық мақсатта пайдаланудың ғылыми нормалары негізінде парктердің әкімшіліктері анықтайды.

18. Ұлттық парктердің аумақтарында:

табиғат кешендерінің жұмысына және күзетке алғынған тарихи-мәдениет объектілеріне қауіп төндіретін қандай да болсын қызметке;

геологиялық барлау жұмысына және пайдалы қазбаларды өндіруге; целлюлоза-қағаз және химия өнеркәсібі, металлургия, ядролық энергетика және ерекше экологиялық қауіп туғызатын қандай да болсын өзге де объектілер қызыметтінен;

гидрологиялық режимді өзгертуші әрекетке;

негізгі жолдар, труба құбырларын, электр қуатын беретін желілер салуға және ұлттық парктердің қызмет атқаруына байланыссыз басқа да құрылыштарды жүргізуға;

бұқаралық спорт және ойын-сауық шараларын өткізуға;

арнайы белгіленген орындардан тыс жерлерде тұрақ үйімдастыруға, шатырлар тігуге, от жағуға;

арнайы белгіленген орындардан тыс жерлерде механикалық көлік құралдарының жүруіне және тұруына, жолдардан тыс, жалпы мақсаттағы жолдардан тыс жерлерде үй жануарларын айдал өтуге;

суағарлар мен су қоймалары мен ағаш ағызуға;

жергілікті өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне жат өсімдіктер мен жануарларды жерсіндіруге;

басты мақсатта ағаш кесу мен шайыр дайындауға тыйым салынады.

Ұлттық парктерге аумақтық зоологиялық, ғылыми, эстетикалық, мәдени және рекреациялық құндылығын төмендетуге әкеп соқтыратын басқа да қызмет түрлеріне тыйым салынуы немесе шек қойылуы мүмкін.

19. Ұлттық парктердің режимін сактауды оның күзет қызметі қамтамасыз етеді, оның құрамына:

Ұлттық парктердің директорлары мен олардың орынбасарлары; филиалдар (аймақтық бөлімшелер) мен өкілеттіктердің басшылары, мемлекеттік аға инспекторлар, ұлттық паркті күзету жөніндегі мемлекеттік инспекторлар (табиғатты ұтымды пайдалануды үйімдастыру, аймақтарға бөлінген кешендердің күзеті және олардың қалпына келтіру мәселелерімен шүғылданатын бөлімдердің

басшылары; орманшылар, орманшылардың көмекшілері);  
ұлттық парктерді күзету жөніндегі участекі мемлекеттік инспекторлар (орман шеберлері және аңшылар) кіреді.  
Ұлттық парктерді күзету жөніндегі мемлекеттік инспекторлар (орманшылар және қорықшылар).

20. Ұлттық парктердің әкімшілігі аумақты күзетуді қамтамасыз ету мәселелерінде суды пайдалану мен күзетуді реттеу, балық күзеті, аң аулауды қадағалау жөніндегі мемлекеттік органдармен, тарих-мәдениет мұралары объектілерін күзету жөніндегі мемлекеттік органдармен және ішкі істер органдарымен өзара әрекет етеді. Ұлттық парктер аумақтарын күзетуге қоғамдық инспекцияны тарта алады.

Ұлттық парктерді күзету жөніндегі мемлекеттік инспекторларға:  
азаматтар мен лауазымды адамдардан олардың ұлттық парктердің режимдерін және табиғат қорғау заңдарын, оның ішінде балық қорлары, жануарлар дүниесі, су: орман, жер заңдарын бұзыуна байланысты түсініктер талап етуге;

азаматтар мен лауазымды адамдардың ұлттық парктер мен олардың күзет аймақтары болуына, көлікпен жүріп-өтуіне, табиғатты пайдалануға, шаруашылық және өзге де қызметпен айналысуға құқық беретін құжаттарын тексеруға;

азаматтар мен лауазымды адамдардың табиғат күзеті заңдарына және ұлттық парктер мен олардың күзет аймақтары режиміне қайши келетін қызметін тоқтатуға;

табиғат күзеті заңдарының талаптарының сақталуын тексеру үшін ұлттық парктер мен күзет аймақтары аумақтарындағы қандай да болсын ұйымдарды, гидротехникалық құрылыштарды, мекемелерді және өзге де көлік құралдарын аралайға;

табиғат күзеті заңдарын бұзушылардан өнімді және табиғат пайдаланудың заңсыз қаруларын, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен тиісті құжаттарды алып қоюға;

қоршаған табиғи ортаны қорғау, тарих және мәдениет ескерткіштері күзеті саласында әкімшілік құқық бұзушылыққа өз құзыры шегінде хаттамалар жасауға, осы құқық бұзушылыққа жол берген адамдарды милицияға немесе поселкелер мен елді мекендердегі жергілікті атқарушы органның үйіне алып баруға.

21. Ұлттық парктердің орман күзетіне ормандарды пайдалану, ұдайы өсіру, күзету және қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру жүктелген. Мемлекеттік орман күзетіне жатқызылатын ұлттық парктер күзеті қызметкерлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы бекітеді.

22. Ұлттық парктердің күзет жөніндегі мемлекеттік инспекторларына айырым белгісімен пішімді киім-кешек және белгіленген ұлгіде қуәлік беріледі.

23. Зандарда көзделген жағдайлар мен тәртіpte ұлттық парктердің мемлекеттік инспекторлардың сұық және атылатын қаруды алып жүргуге, сақтауға және қолдануға құқығы бар.

6. Ұлттық парктердегі ғылыми-зерттеу және ағартушылық қызметі

24. Ұлттық парктердегі ғылыми-зерттеу қызметі аймақтағы экологиялық жағдайды рекреациялық пайдалану, бағалау және болжаяу жағдайында биологиялық әртүрлілікті, табиғат және тарих-мәдениет кешендері мен объектілерін сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу мен енгізуге бағытталған.

25. Ұлттық парктердегі ғылыми-зерттеу қызметін:

ұлттық парктердің ғылыми-техникалық кеңестері бекіткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары бойынша ұлттық парктердің ғылыми бөлімдері мен лабораторияларының штаттағы қызметкерлері;

қарамағында ұлттық парктері бар мемлекеттік басқару органдарымен келісіп, жалпы ұлттық парктердің бағдарламалары бойынша шарттық негізде тиісті салалардың ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары жүргізеді.

26. Ұлттық парктерде ғылыми, табиғат күзеті, рекреациялық және ағартушылық қызмет бойынша жұмыстарды үйлестіру және талдау үшін ғылыми-техникалық кеңестер құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңестер құрамы мен олар туралы ережені қарамағында ұлттық парктері бар мемлекеттік басқару органдары бекітеді.

27. Орман шаруашылық, биотехникалық, жерді қалпына келтіру және жаңғырту жұмыстарының жоспарларын, сондай-ақ ұлттық парктер аумақтарындағы жабайы жануарлардың санын реттеу жөніндегі шаралар міндettі түрде ұлттық парктердің ғылыми-техникалық кеңестерінің және қарамағында ұлттық парктері бар мемлекеттік басқару органдарының мәжілістерінде қаралады.

28. Ұлттық парктердің ағартушылық қызметі буклеттер, суреттік альбомдар, жол көрсеткіштер, анықтама материалдарын және өзге де баспа өнімін шығаруды, мұражайлар мен экспозициялар ұйымдастыруды, оқу экскурсиялық жолдары мен маршруттарды құру мен көркейтуді, мектеп орманшылықтарын ұйымдастыруды, тиісті салалардың жоғарғы және орта арнаулы оқу орындары студенттерінің оқу және өндірістік практикадан өтуін: бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық парктер қызметін және өзге де әлеуметтік-экономикалық тәрбиелеудің, білім мен экологиялық білімдер насихатының нысандары мен әдістерін көрсетуді қамтиды.

## 7. Ұлттық парктердің шаруашылық қызметі

29. Ұлттық парктердің шаруашылық қызметі тиісті табиғат және тарих-мәдениет объектілері күзетін қамтамасыз етуге, олардың күтіп-баптау және қалпына келтіру шараларын орындауға, сондай-ақ реттелетін туризм мен табиғат жағдайларындағы демалысты ұйымдастыруға бағытталған.

30. Реттелетін туризм мен табиғат жағдайындағы демалысты дамыту дербес түрде бекітілген жобалық материалдарға, бағдарламалар мен даму жоспарларына сәйкес, сондай-ақ ұлттық парктердің мүдделі занды ұйымдар мен жеке адамдарға табиғат объектілерін: үйлер мен құрылыштарды пайдалануға беруі жолымен жүзеге асырылады.

31. Ұлттық парктер жерлерін рекреациялық мақсатта пайдалану ақылы негізде жүзеге асырылады. Төлем мөлшерін ұлттық парктер дирекцияларының ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы өкімет органдары бекітеді.

32. Қонақ үйлерді, кемпингтерді, туристік базаларды, тамақтандыру кәсіпорындарын және басқа да туристік қызмет көрсету объектілерін салу мен пайдалану, азаматтардың демалысы үшін жағдай жасау, оларға мәдени және тұрмыстық қызмет көрсету ұлттық парктермен жасалған шарттарға сәйкес белгіленген тиісті жағдайда мүдделі ұйымдар жүзеге асырады. Ұлттық парктер бұл жұмысты бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттар есебінен дербес түрде жүзеге асыра алады.

33. Ұлттық парктердің тиісті аймақтары аумағында аңшылықты пайдалану мен балық аулау жабайы жануарлардың санын реттеуге негізделген және ұлттық парктерді басқару органдарының, сондай-ақ ғылыми ұйымдардың және оған арнаулы уәкілеттендірілген органдардың келісімі бойынша ұлттық парктердің әкімшіліктері анықтайды.

34. Ұлттық парктер мақсаттар мен міндеттерге қайшы келмейтін өзге де шаруашылық қызметін жүзеге асыра алады.

## 8. Ұлттық парктердің құқықтық мәртебесі

35. Ұлттық парктердің аумағында орналасқан жерлер, олардың жер қойнауы және су кеңістіктері шегінде орналасқан өсімдік және жануарлар дүниесінің ресурстары, тарих-мәдениет объектілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады және ұлттық парктерге тұрақты жер пайдалану құқығы негізінде берілген.

Ұлттық парктер жер және табиғат ресурстары үшін төлемнен босатылады.

Ұлттық парктердің жерлерін алып қоюға тыйым салынған.

Ұлттық парктер шекарасына енгізілген жерге, оларды шаруашылық пайдаланудан бөліп алмай-ақ шек қою осы участеклерге жеке меншік иесі немесе жерді пайдаланушы құқығы бар субъектімен шарт бойынша белгіленеді.

Ұлттық парктер және пайдаланушылардан жерді бөліп алып қоюға байланысты шығын өтемінен босатылады.

Ұлттық парктер мынадай жағдайда кірістер ала алады: негізгі қызметінікі емес өткізуден; жұмыстарды орындаудан; қызмет көрсетуден немесе өзге де қызметті жүзеге асырудан (ағартушылық, рекреациялық, ғылыми, жарнама-баспалық); ұлттық парктер аумағында орналасқан табиғат кешендері мен объектілеріне келтірілген зиянның орнын толтыру есебінен алынатын төлемдер; белгіленген тәртіpte тәркіленген аң аулау, балық аулау үшін қолданылатын қаруларды және заңсыз табиғат пайдалану өнімін сатудан; тегін көмек пен мейірімділік жарналық түсімдерден, олар белгіленген тәртіpte бюджеттік ұйымдардың арнаулы қаражаттары ретінде рәсімделуі керек.

36. Ұлттық парктер шекараларындағы жер участеклері, сондай-ақ оларға орналасқан үйлер, құрылыштар, ғимараттар жекешелендіруге жатпайды.

37. Ұлттық парктердің аумағы кешендер сызбасын әзірлеу, жерге орналастыру мен аудандық жоспарлау кезінде ескеріледі. Бұл жобалық құжаттар қарамағында ұлттық парктері бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдарымен міндепті түрде келісілуге тиіс.

38. Ұлттық парктер занды ұйымдар болып табылады: республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады және дербес баланста болады, қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі болады, бюджеттік және ағымдағы шоттар, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттік банкінде валюталық шот

а ш а д ы .

39. Ұлттық парктер ұлттық парктердің дамуына мүмкіндік туғызатын қоғамдық қорлардың, ассоциациялардың және өзге де ұйымдардың қызметіне қатыса алады.

40. Ұлттық парктердің өзінің дербес рәміздері вымпелдер, эмблемалар және басқалар болуына құқығы бар.

9. Ұлттық парктердің қызметіне бақылау жасау

41. Ұлттық парктердің қызметіне бақылау жасауды қарамағында парктері бар мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ өз құзыры шегінде өзге де оған уәкілеттендірілген органдар жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК